

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ
Қоғамдық кеңестің отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

№ 11

2025 жылдың «13» наурыз

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы bitrix24.kz конференц байланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: <https://tour.bitrix24.kz/video/HEGJUMLo>.

Отырысқа қатысқандар:

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Боровая Наталья Алексеевна
2. Берден Инжумаржан Мысырғалиқызы
3. Калкабаев Азамат Муратбекович
4. Нуркебаева Асель Болатовна
5. Оспанова Гульден Джетысовна
6. Салимова Вагида Вилиновна
7. Нұрлыбаев Нұркен Аргинқазыұлы
8. Тикенов Еркін Амангельдинович

- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:

9. Жансаитов Р.А.

Отырысқа қатысты: Туристік өнімдерді дамыту Департаментінің директоры Траиспаева М.О., Халықаралық нарық Департаментінің директоры Жуматаева А.Е., МІСЕ-туризмді дамыту қызметінің бас менеджері Сейлов Г.А.

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум жоқ.

Күн тәртібі:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелермен жұмыс кездесуін өткізу.

Күн тәртібіндегі мәселесі бойынша бірінші болып МІСЕ-туризмді дамыту қызметінің бас менеджері Г. А. Сейлов сөз сөйледі және МІСЕ-туризмді дамыту қызметінің Қоғамдағы қызметі туралы ақпаратты ұсынды.

Қоғамдық кеңестің мүшесі В. В. Салимова тыңдау нәтижелері бойынша келесі сұрақтарды қойды:

1) Еліміздің көрме орталықтарының рентабельділігіне талдау жасалды ма?

2) Сіз іс-шараларды өткізу бағасын төмендету үшін келіссөздер жүргізіп жатырсыз ба?

3) Презентацияда толық ақпарат жоқ. Неліктен ел белгілі бір іс-шараларды өткізуде таңдалмайды? Сіз қателіктер бойынша талдау жасайсыз ба?

4) Көрмелер мен іс-шараларға іріктеу қалай өтеді? Ақпарат қайда жарияланады?

5) Лицензия бүкіл ел аумағына берілгендіктен, іс-шаралар бойынша елдің барлық операторлары үшін неге ақпарат жоқ?

Сондай-ақ, В. В. Салимова МІСЕ-туризмді дамыту қызметі жүргізетін жұмыс туралы толық және қажетті ақпарат берілмегендігі туралы пікір білдірді. Сонымен қатар, МІСЕ-туризмді дамыту қызметі ұсынған ақпарат толық емес екенін және спикер барлық сұрақтарға жауап бермегенін яғни құрметсіздік білдіргенін, сондай-ақ, осы жағдайды Қоғамның Басқарма Төрағасына жеткізу қажет деп санайтынын хабарлады.

Қоғамдық кеңес мүшесі Е. А. Тикенов келесі сұрақтарды қойды:

1) Іс-шараға оператор қалай таңдалады? Әрбір қауымдастық немесе қандай да бір талаптар қойылады ма?

2) Іс-шаралар каталогтары бар ма немесе ұйымдардың талаптарына сәйкес сұраулар, ұсыныстар бар ма?

3) Іс-шаралар туралы есептер алуға бола ма?

4) Өткізілген іс-шаралар бойынша деректерді кім береді?

5) Сіз барлық аналитиканы, соның ішінде басқа елдер бойынша ала аласыз ба?

6) Іс-шаралар бойынша елдер арасында салыстыру жасай аласыз ба?

7) Мұндай іс-шараларды өткізу бөлігінде Қазақстанның қай қалаларының әлеуеті жақсы?

8) МІСЕ-туризмді дамыту елшілерімен жұмыс қалай жүргізіледі?

9) Өткізілген SCIJ іс - шарасының маркетингтік әсері қандай болды?

10) Мониторингті жүзеге асыратын ішкі құжатты, сондай-ақ операторлардың үлгі тізімін немесе іс-шараларға қатыса алатын операторларды іріктеу бойынша ұсынымдарды бекіту мүмкіндігі бар ма?

11) Көрмелер мен корпоративтік іс-шаралардың стратегиясы бар ма?

Сондай-ақ МІСЕ-туризмді дамыту саласында қызметті жүргізу үшін базалық ережелерді әзірлеуді ұсынды.

Қоғамдық кеңестің мүшесі А. Б. Нұркебаева презентацияда толық ақпарат жоқ деген пікір білдірді. Ол Қоғамдық кеңес мүшелері туризм саласындағы кәсіпқойлар болғандықтан, жалпы ақпаратты айтудың қажеті жоқ екенін айтты. Сонымен қатар, өткізілген іс-шаралардан кейінгі жұмсалған қаражат пен тартылған қаражат туралы нақты ақпарат, қатысқан

туристік операторлардың тізімі қажет екенін айтты. Келесі сұрақтарды қойды:

- 1) Қателіктер бойынша қандай жұмыс жүргізілді?
- 2) Іс-шараны ұйымдастырушылар қандай талаптар қояды?
- 3) Болашақта ескерілуі тиіс ескертулерге қатысты аналитика бар ма?

Сондай-ақ, А.Б. Нұркебаева проблемалық мәселелер фактілерді, жұмыс жүргізуді айқындау, сондай-ақ саланы дамыту жөніндегі жұмысты жақсарту үшін себептерді анықтау қажеттігі бойынша отырыстар өткізуді ұсынды. Бұл ретте МІСЕ-туризмді дамыту қызметі қандай жұмыс жүргізіп жатқанын нақты көру үшін ақпаратты сандармен ұсыну қажет екенін пікір білдірді.

Екінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша Туристік өнімдерді дамыту Департаментінің директоры М. О. Траиспаева сөз сөйлеп, Туристік өнімдерді дамыту Департаментінің Қоғамдағы қызметі туралы ақпарат ұсынды.

Қоғамдық кеңес мүшесі Е. А. Тикенов сұрақтар қойды:

- 1) Жобаларды кейінгі бақылауы бар ма?
- 2) «Үздік ауыл» жобасына келесі іріктеу басталды ма?
- 3) «Үздік ауыл» жобасына қатысуға өтінім кімнен беріледі?
- 4) «Сапа белгісі» жобасы бойынша жүргізілген фасилитациялық сессияның нәтижелері бойынша ұсыныстар бар ма?
- 5) «Сапа белгісі» жобасы бойынша критерийлерді алуға бола ма?
- 6) Қолданыстағы стандарттар жұмыс істей ме? Стандарттарды әзірлеу бойынша жұмыс тобын құруға және осындай топқа Қоғамдық кеңестің мүшесін қосуға бола ма?

Қоғамдық кеңестің мүшесі Н.А. Нұрлыбаев келесі сұрақтар қойды:

- 1) Салада қандай да бір стандарттар бар ма?
- 2) Гидтер үшін туристік нысандарға тегін кіруді кім ұйымдастырады?
- 3) Гидтер неге ассоциациялар мен Қоғам тарапынан бөлінеді?

Қоғамдық кеңестің мүшесі В.В. Салимова келесі сұрақтар қойды:

- 1) 2024 жылы қандай жаңа туристік өнімдер әзірленді?
- 2) «Жібек жолы» пойызының іске қосылуында Қоғам қандай жұмыс атқарды?
- 3) Онлайн курстар қалай ұйымдастырылды? Бағдарламаны кім әзірледі? Қоғамның рөлі қандай болды? Ауыл тұрғындарын неге үйретті?
- 4) Ауылдарда қандай топтарды іздейсіздер және бұл не үшін қажет?
- 5) Мұндай топтарды анықтау үшін конкурс өткізілді ме? Іздеу қалай жүзеге асырылады? Белгілі бір өтінімдер бар ма ?
- 6) Қай аймақтарға шығу дәл қайда болды?
- 7) Сапарлар кезінде қандай бағдарлама ұсынылды және оның нәтижесі қандай?
- 8) Онлайн оқыту бағдарламаларымен бөлісе аласыздар ма?
- 9) 2025 жылы қандай өңірлерге сапар жоспарланып отыр?

10) Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Жетісу облыстарына сапарды қарастыруға бола ма?

11) Міндетті стандарттарды әзірлеуге бола ма?

12) Қоғам қандай да бір стандарт қолданатын ішкі құжат әзірлей ала ма?

Сондай-ақ, ол ауылдарға сапарлар мен бағдарламаларды әзірлеу, бір туристік өнімді дамытып, толық қолдау көрсетуді ұсынды.

Қоғамдық кеңес мүшесі Нуркебаева А.Б. Салимова В.В.-нің ұсыныстарына пікір білдіріп, қаржы мен күшті шынайы дамыған аймақтарға бағыттау қажеттігін айтты. Сонымен қатар, ол әр өңір бойынша қандай туристік өнім қажет екенін түсіну үшін якорлық туристік өнімдерге қатысты аналитика қажет екенін атап өтті.

Салимова В.В. бір өңірде нақты жұмыс жүргізуді ұсынып, Қоғам тарапынан мемлекеттік органдармен байланыс пен ақпараттандыру бойынша қолдау көрсетілуі тиіс екенін айтты. Қоғамдық кеңеске стандарттау бойынша құжат әзірлеуді ұсынды.

Тикенов Е.А. туристік өнім басты элемент екенін, сондықтан саланы дамыту стратегиясын сол өнімнен бастау керек екенін айтты. Бұл қалай жұмыс істейтіні туралы операциялық форматта ойлану керек.

Нуркебаева А.Б. бұл пікірді қолдап, Туристік өнімдерді дамыту департаменті Қоғамның негізгі құрылымдық бөлімшелерінің бірі екенін және қолдау көрсетуге дайын екенін айтты. Сонымен қатар, ол туристік өнімдерді дамыту бойынша болашақ жұмысты нақты аналитикаға сүйене отырып жүргізу қажеттігін атап өтті. Туристік қызмет көрсету ережелерін жетілдіруді, оған стандарттау нормаларын енгізуді ұсынды.

Екінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша Туристік

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша үшінші болып Халықаралық нарықтар Департаментінің директоры Жуматаева А.Е. Департаменттің қызметі туралы ақпарат берді.

Қоғамдық кеңес мүшесі Салимова В.В. келесі сұрақтарды қойды:

1) Соңғы көрменің нәтижелері қандай болды?

2) Көрме қатысушыларын іріктеу қалай жүзеге асырылады? Қоғамда нақты алгоритм бар ма?

3) Неліктен көрме бюджеті басқа заңды тұлғалармен біріктірілмейді?

Сондай-ақ, ол қатысушыларды іріктеу туралы ақпаратты Қоғамның интернет-ресурсында жариялауды және резервке қою жүйесімен іріктеу критерийлерін әзірлеуді ұсынды. Туризм бойынша менеджерлер болуы керектігін және лицензия алатын заңды тұлғаларға қатысты талаптар болуы қажеттігін айтты.

Қоғамдық кеңес мүшесі Нуркебаева А.Б. келесі сұрақтарды қойды:

1) Көрмелер бюджеті қалай қалыптасады? Акиматтар бюджеттеуге қатыса ма?

2) Көрмеде стенд пен алаңды жалға алудан басқа қандай іс-шаралар болды?

3) Биыл көрмедегі орын ыңғайлы болды ма?

Тикенов Е.А. көрмеге қатысуға қойылатын талаптар туралы сұрады және қандай материалдар қажет екенін нақтылау қажеттігін айтты. Кімді және қалай қолдау керектігі туралы біртектілік жоқ па?

Және ол гайд әзірлеуді ұсынды.

Қоғам қызметкерлері Қоғамдық кеңес мүшелерінің сұрақтарына тиісті жауаптар берді. Сондай-ақ, кездесу қорытындысы бойынша отырыста сөз сөйлеген құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері Қоғамдық кеңес мүшелерінен сұраулар алды, оларға жауаптар беруге уәде берді.

Бұл ретте материалдар сұралды және мынадай ұсынымдар берілді:

1. Қоғам өткізетін іс-шаралардың әсері бойынша толық деректерді көрсете отырып, МІСЕ-туризмді дамыту қызметі жүргізетін жұмыс туралы ақпарат беру.

2. Сейлов Г.А.-ның барлық сұрақтарға жауап бермегені және толық ақпарат бермегені туралы Қоғам Басқарма Төрағасына хабарлау.

3. «Сапа белгісі» жобасының критерийлері мен ауыл тұрғындарын оқыту бағдарламаларын ұсыну.

Кворум болмағандықтан, дауыс беру жүргізілген жоқ. Алайда, қызметкерлер барлық материалдарды Қоғамдық кеңес мүшелеріне жіберуге уәде берді, сондай-ақ Салимова В.В.-нің ұсыныстары Қоғам Басқарма Төрағасына жеткізіледі.

Осыған байланысты Қоғамдық кеңестің күн тәртібіне қойылған мәселе қаралды. Отырыстың хаттамасы Қоғамның ресми сайтында қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жарияланады.

**Қоғамдық кеңесінің
Төрағасы**



А. Тикенов

**Қоғамдық кеңесінің
Хатшысы**



Ш. Бакаева